

Тегісшіл елді мекені

«Туған жерде тұнған тарих»

«Жер – судың аты – тарихтың хаты»

«Ұлтарақтай болсада, атақоныс жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, туып-өскен ел қымбат» деп ақын жырлағандай, осы ғылыми зерттеу еңбегімде Тегісшіл ауылының өткені мен бүгінгі даму тарихы жатыр. Бұрын ертеректе Тегісшіл ауылы жайлау болған Шалаш деген кісі тұрған, жылқы шаруашылығымен айналысқан дейді, бірде жасыл түсіп қайтыс болған. Ал қазіргі Тегісшіл ауылынан 9 шақырым жерде ескі «Ақшкол» деген ауыл болған, 7 жылдық мектебі болған. Қазіргі уақытта сол жерде қызыл тастар бар, шашылып жатыр. Көрпебай үйсіндер сол «Ақшколды» Совинкіге жақын деп қазіргі Тегісшіл аймағына көшірген. Одан беріректе «Плантас» деп аталған жайлау болған дейді, онда Жолдыкеш Жәрдемөв мал шаруашылығымен айналысқан. Ал 1976-1979жж Дишенов Мақсот жылқы бағып, сол жерде тұрған. Қазіргі ауылдан 15-20 шақырым қашықтықта «Сапәрәлі», «Нитәлі», «Байрамәлі», «Дише көлі» деген жерлерде халық тұрған дейді. Сапәрәлі, Ниетәлі, Байрамәлі ағайынды болған дейді, ал Дише ұрпақтары бүгінгі таңда Тегісшіл ауылында тұрады, мал шаруашылығымен айналысады, соның ішінде жылқы шаруашылығымен. Ауылдан 4-5 шақырым жерде «Құбаш» деген жер болған дейді, қазір бұл жерлерде зираттар бар. «Мауыш» көлінде де адамдар тұрған дейді. Ауылдан әріректе 20 шақырым қашықтықта «Бозбас» деген ауыл болған дейді. Асанғали деген адам ірі қара баққан. Сол сияқты «Ақкөл» деген жерде де тұрғылықты халық тұрған. 1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарында «Совинкіні» бомбалағанда, үйлердің терезелері қозғалған деген деректер ді естігендер айтады. Жалпы ауылымыздың тарихы тереңіректе сияқты, негізінен көптеген жерлерде қауым зираттары кездеседі. Ауылдан 20 шақырымдай қашықтықта «Барлыбай», «Қоңырсай» деген жерлер бар. Қырдың үстінде зираттар бар, ортасында үлкен құлпытас болған дейді, әріректен қарағанда сол құлпытас аттылы кісідей көрінеді дейді, соны үлкендердің айтуына қарағанда 40 нарға артып әкелген дейді. Қазіргі таңда құлап жатқан болу керек. Алдағы уақытта сол аймақтарды одан әрі зерттелсе деп ойлаймын.

Көк тарғын мұнарланған жасыл белім,

Тербетіп қиялымды самал лебің,

Жүрекке нұр құясың желпілдетіп,

Құт қоныс атамекен – Тегісшілім.

Айналған тіршіліктің астауына

Шәрімбет – Ащыөзектің бастауы да.

Сондықтан болмайды әсте ескерусіз

Шығарып оны естен тастауыңа – деп, Рахметолла Егізбаев ағамыз жырға қосқандай « Ащыөзек »

Бұл жерлердеде тұрғылықты халық тұрған дейді, үлкендердің айтуларына қарағанда ертеректе байлардан қалған құдық бар дейді. Сол аймақта зираттар кездеседі, бұлақ сайының қасында.

Сонымен қатар Тегісшіл аумағында

Мыңжас – бұл жерде Үйсін (Ноғай ішіндегі Үйсін болса керек) руынан шыққан Мыңжас атты қария мекен еткен. Тегісшіл елді-мекенінен 4-5 шақырымдай қашықтықта орналасқан.

Бруцеллез – алғашқы жылдары осы жерде бұрын Қадіреш деген бай адам тұрған. Ол қой, түйе баққан. Бруцеллез атауымен елді-мекен беріректе аталған. Бруцеллез атауы бруцеллез ауруымен ауырған малдарды аталған елді-мекенде бөлек баққанынан келіп шыққан.1990 жылдары Айталиев Көшкін қоныстанды,қой шаруашылығы дамыды.

Жыланды – ертеректе жыланның ордасы болған, сондықтан «Жыланды» деп аталған. Мал шаруашылығы дамыған.

Қопа – онда бөгет болған, жері сулы, су жағасында қамыс – қоға мол өскен. Суында балық түрлері көп болған. Қазірде де бұл жер демалуға қолайлы, суы, балығы, аңдары бар бірнеше түрлі құстар кездеседі.

Бұл жерде кезінде мал шаруашылығы дамыған аймақ болған. Бүгінгі таңда адам қоныстанбайды.

Малшылар:

1. Кушаков Тәти
2. Кушаков Бисен
3. Беркинбаев Сәрсекей
4. Абдулов Амантай
5. Байрамов Айболат сынды азаматтар қызмет атқарып, еліміздің мал шаруашылығының дамуына өз үлестерін қосқан.

Шәрімбет сайы – Шәрімбет деген байдың атымен аталған. Суы мол, қамысы өте қалың болған. Қазірде ауылды екі бөлікке бөліп жатыр. Ауылдың сәнін береді. Ауыл тұрғындары көктем айында тазалап, қыста мал суаратын суат ретінде пайдаланып келеді.

«Тегісшіл» Калинин совхозының III фермасы болып 1961 жылы құрылады. Ауыл бұрынырақта «Шәрімбет сайы»деп аталса, кейбір үлкендердің айтуына қарағанда шіл құсы көп болған, жері тегіс сондықтан Тегісшіл аталған дейді. Жалпы ауылымыздың атауы туралы нақты дерек жоқ. Сол Калинин совхозының III фермасы болып құрылған жылдарда, ауылымызда 1961 жылдары 4 жылдық мектеп ашылды. 1961 жылы құрылған мектепте 14 шәкірт білім алып меңгерушісі Ибатов Ғалихан бастаған ұстаздар сабақ берді.